- 3) MCC коды (MCC, Merchant Category Code) – Серіктес/ССК сататын тауарларды/көрсететін қызметтерді жіктеу үшін қолданылатын Тауарды сатушы санатының коды. Жіктеудің негізгі функциясынан басқа, Банк MCC кодтарды ниеттестік бағдарламасы шеңберінде Cashback есептелетін санаттар тізімін, сондай-ақ Cashback есептеу бағдарламасынан шығарылған санаттарды анықтау үшін пайдаланады;
- 4) Акция – Клиенттерге Cashback ұсыну есебінен Банктің және/немесе Серіктестің өнімдеріне/брендін жаңа Клиенттерді тарту және/немесе қазіргі Клиенттердің ниеттестігін арттыру мақсатында Серіктес жүргізетін іс-шаралар. Серіктес тарапынан Клиенттерді тартуға арналған кез келген акцияларды өткізу бойынша салық міндеттемелері туындаған жағдайда, оларға Серіктес тарапынан салық салынуға тиіс;
- 5) Бонустық шот – Клиент ниеттестік бағдарламасына қосылған кезде Банк автоматты түрде ашатын Клиенттің баланстан тыс шоты. Бұл арқылы Клиентке жасалған Транзакциялар мен Операциялар үшін есептелген Cashback қозғалысы, соның ішінде Банктің Арнайы ұсыныстарының және/немесе Серіктестің Акцияларының талаптарын орындаған кезде есептелген Cashback көрсетіледі және есепке алынады, сондай-ақ іске қосылған кезде Cashback шығындары есепке алынады. Клиенттің бастамасы бойынша Бонустық шоттан Cashback есептен шығарылады және Тауарларды төлеуді немесе ETN сатып алуды қоса алғанда, одан әрі пайдалану үшін Клиенттің ағымдағы шотына баламалы сома есептеледі. Есептеу және есептен шығару сияқты Бонустық шот бойынша Операциялар Клиенттің Мобильді қолданбасында көрсетіледі. Іске қосылғанға дейін Бонустық шоттағы қалдық ақша болып табылмайды;
- 6) Freedom/ETN валютасы – «Freedom Инвестициялық валютасы» банктік өнімі, Клиентке тиесілі бағалы қағаздар түріндегі базалық активтің ақшалай баламасы түріндегі өлшем бірлігі. Бағалы қағаз Freedom Holding Corp. акциясымен тикер FRHC қамтамасыз етілген ETN (Exchange Traded Notes, эмитент – FRHC Fractional SPC Ltd., сауда символы – FRHC.ETN, ISIN – KZX000002001) болып табылады. Freedom валютасы Клиентке Төлем картасын немесе Банктің Мобильді қолданбасын пайдалана отырып, дербес брокерлік

шотта бар ETN лимиті шеңберінде ETN сату/сыйға тарту есебінен төлемдер/аударымдар жасауға мүмкіндік береді. АҚШ долларымен ұсынылған;

- 7) Клиент – Банкте ашылған Ағымдағы шотқа ие, Банк шығарған Төлем картасының ұстаушысы болып табылатын және Банктің Мобильді қолданбасын белсенді пайдаланатын жеке тұлға – Қазақстан Республикасының резиденті;
- 8) Мобильді қолданба – Клиентке электрондық банктік қызметтерді алуға, соның ішінде Клиенттің мобильді құрылғысында орнатылған және жұмыс істейтін Төлем картасының Ағымдағы шоты бойынша Транзакциялар мен Операциялар жүргізуге мүмкіндік беретін Банктің «Freedom SuperApp» бағдарламалық жасақтамасы;
- 9) Серіктес – Банкпен ниеттестік бағдарламасына қатысу шартын жасасқан, Freedom Holding Corp. құрамына кіретін кез келген заңды тұлға, компаниялар;
- 10) Төлем картасы – Банк Клиентке шығарған, оған электрондық терминалдар немесе басқа байланыс арналары арқылы төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыруға немесе қолма-қол ақша алуға немесе Банк айқындаған және оның талаптарына сәйкес валюта айырбастауды және басқа операцияларды жүргізуге мүмкіндік беретін ақпаратты қамтитын электрондық төлем құралы;
- 11) Cashback ұсыну – Банктің осы Қағидаларда және Банктің өзге ішкі құжаттарында (Банктің CashBack үшін), сондай-ақ Банктің www.bankffin.kz ресми интернет-ресурсында және/немесе Серіктестің сайтында орналастырылған Банктің Арнайы ұсынысын және/немесе Серіктестің Акцияларының өткізу тәртібі мен талаптарын регламенттейтін құжаттарда көзделген мөлшерде, тәртіппен және талаптарда Клиенттің Банктен немесе Серіктестен CashBack алу құқығын беруі;
- 12) Регрессиялық Cashback – іске қосылған қызметтер топтамасы шеңберінде есептік кезең ішінде шығыстардың белгіленген айлық лимитіне жеткен кезде есептеледі және осы есептік кезең аяқталғанға дейін ғана қолданылады;
- 13) Ритейл – Тауарларды жеке, коммерциялық емес мақсаттарға пайдалану үшін түпкілікті тұтынушыларға тікелей сату процесі;
- 14) Банктің арнайы ұсынысы – Клиенттерге Cashback ұсыну есебінен Банктің және/немесе Серіктестің өнімдеріне/брендiне жаңа клиенттерді тарту және/немесе қазіргі Клиенттердің ниеттестігін арттыру мақсатында Банк және/немесе Серіктес өткізетін іс-шара;
- 15) Ағымдағы шот – сатып алулар мен аударымдар кезінде, сондай-ақ ұсынылған Cashback-ті кейіннен Төлем картасы немесе Мобильді қолданба арқылы Транзакциялар мен Операциялар жасау кезінде пайдалану үшін Бонустық шоттан толықтыруды, есептен шығаруды қоса алғанда, банктік қызмет көрсету жөніндегі шарт шеңберінде жүзеге асырылатын Клиенттің Банктегі ақшасының қозғалысын көрсету және есепке алу тәсілі;
- 16) Тауарлар – Төлем картасын пайдалана отырып, Серіктес/ССК сататын тауарлар/қызметтер/жұмыстар;
- 17) Сауда-сервис кәсіпорны (бұдан әрі – ССК) – Банк осы Қағидаларға сәйкес Транзакциялар / Операциялар үшін Клиенттерге Cashback ұсынатын Төлем картасын пайдалана отырып Тауарларды сататын кез келген сауда/сервис кәсіпорны;
- 18) Транзакция/Операция – Клиент Тауарларды сатып алу үшін және/немесе Банкте ашылған өзінің Ағымдағы шотынан ұлттық валюта теңгемен жасаған қолма-қол ақшасыз аударым /төлем, жеке кәсіпкер ретіндегі кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін Банкте және (немесе) екінші деңгейдегі басқа банкте ашылған басқа Клиенттің ағымдағы шотына, Тауарларға ақы төлеуді жүзеге асыру үшін Клиент Төлем картасын немесе оның деректемелерін пайдалана отырып жүргізген операциялары;
- 19) Карта бойынша токен бойынша Транзакция – Төлем картасының нөмірі бірегей цифрлық сәйкестендіргішпен ауыстырылатын токенизация сервистерінің бірі арқылы төлем әдісін пайдалану;
- 20) Транзакциялық лимит – тәуекелдерді азайту, қаражаттың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және реттеуші талаптарды сақтау үшін қажет бір жеке Транзакция мен Операция

шеңберінде жұмсау немесе аудару үшін Клиентке қолжетімді Банк белгілейтін ең жоғары сома.

3-тарау. Ерекше талаптар

- 3.1. Cashback Клиенттің ұлттық валюта теңгегі Бонустық шотына есептеледі, ол кейіннен ETN сатып алу бойынша мәміле жасалған кезде белгіленген баға белгілеу бағамы бойынша ETN-ге айырбасталады.
- 3.2. Есептелетін Cashback мөлшері Транзакция/Операция көлеміне немесе белгіленген сомаға пайызбен көрсетіледі, содан кейін ол есептеу кезінде қолданыста болған ағымдағы баға белгілеу бағамы бойынша ETN баламасына айырбасталады.
- 3.3. Төлем карталарын немесе Мобильді қолданбаны пайдалана отырып жасалған Транзакциялар мен Операциялар үшін Банк есептеген Cashback мөлшері Клиентке берілген ниеттестіктің төрт деңгейінің біріне байланысты айқындалады, атап айтқанда: «Standard», «Silver», «Gold», «Platinum».
- 3.4. Ниеттестік деңгейін тағайындау мерзімі бір күнтізбелік айды құрайды. Ниеттестік деңгейін жаңарту алдыңғы есептік кезеңнің әрбір операциялық күнінің соңында тіркелген ақшаның орташа айлық қалдығын есептеу негізінде немесе осы Қағидаларға №1 Қосымшаға сәйкес Fast Track бойынша көзделген мерзімдерде және талаптарда шарттарда ай сайын айдың 1-ші күні жүргізіледі.
- 3.5. Банк Cashback сомасын есептеуді Төлем картасы бойынша нақты жасалған Транзакциялар және Операциялар туралы деректер негізінде/Клиенттің жеке кәсіпкер ретінде қызметін жүзеге асыру мақсатында ашқан Ағымдағы шот бойынша және Мобильді қолданбада Транзакциялар мен Операцияларды орындау фактісі бойынша кейіннен Клиенттің Бонустық шотына аудару арқылы жүргізеді.
- 3.6. Клиенттің бастамасымен Freedom Holding Corp-пен үлестес заңды тұлғалардың пайдасына жасалған Транзакцияларға қатысты Cashback есептеу осы Қағидаларға №1 Қосымшада көрсетілген Merchant Category Code (MCC) кодтары бойынша ерекшеліктерге қарамастан жүзеге асырылуы мүмкін.
- 3.7. Cashback «FREEDOM LOYALTY» Клиентке оның транзакциялық белсенділігі және осы Қағидаларға №1 Қосымшаға сәйкес Cashback беру талаптарына сәйкес келген жағдайда ғана төленеді.
- 3.8. Freedom валютасының баламасындағы Cashback келесі Клиенттерге есептелмейді:
 - 1) «Student Card» өнімі бойынша Төлем карталарын қоспағанда, 18 жасқа толмаған адамдарға;
 - 2) мемлекеттік органда мемлекеттік лауазымды атқаратын және мемлекеттің міндеттері мен функцияларын іске асыру мақсатында лауазымдық өкілеттіктерін жүзеге асыратын адамдарға;
 - 3) Freedom (ETN) валютасын іске қоспаған адамдарға.
- 3.9. Осы Қағидаларда Cashback есептелген Тауар қайтарылған жағдайда, Клиентке осыған дейін берілген Cashback-ті есептен шығару (немесе қайтару) фактісі туралы push-хабарлама жіберілуі тиіс екендігі белгіленеді.

4-тарау. Cashback беру және есептеу

- 4.1. Cashback беру тәртібі, Cashback бойынша есепке қосу және барлық есептеулер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес осы Қағидалармен, «Freedom Инвестициялық валютасы» қаржы өнімі бойынша брокерлік қызметтер алу шартына Қосылу туралы өтінішпен (қосылу), Cashback сыйақысын есептеу бойынша банктік қызметті алу шартымен (қосылу), сондай-ақ Банктің www.bankffin.kz ресми интернет-ресурсында орналастырылған Банктің ішкі құжаттарымен айқындалады.
- 4.2. Cashback және Cashback «FREEDOM LOYALTY» орындалған Транзакциялар мен Операциялар және/немесе Клиенттің Банкке қатысты ниеттестігі негізінде және/немесе

осы Қағидаларда регламенттелген Cashback беру талаптарына сәйкес Банк тарапынан Клиенттің Бонустық шотына есептеледі.

- 4.3. Клиенттің Банкке қатысты ниеттестік деңгейіне байланысты Клиенттің Транзакциялар мен Операциялар жасағаны үшін Банк осы Қағидаларға №1, №2 қосымшаларға сәйкес Серіктесте және/немесе ССК-де жасалған Транзакция мен Операция сомасынан айқындалатын мөлшерде, сондай-ақ Банктің Арнайы ұсынысын және/немесе Серіктестің Акцияларын өткізу тәртібі мен шарттарын регламенттейтін және Банктің www.bankffin.kz ресми интернет-ресурсында орналастырылған Банктің ішкі құжаттарына сәйкес Cashback ұсынуға құқылы.
- 4.4. Банк ниеттестік бағдарламасының барлық талаптарын сақтай отырып, Транзакциялар мен Операциялар жүргізу / Акциялар өткізу кезінде Cashback-ті Бонустық шотқа аударуға және Төлем карталары мен Мобильді қолданбаны пайдалану арқылы CashBack-тің жұмсалуды қамтамасыз етуге міндеттенеді.
- 4.5. Клиенттің Бонустық шотына есептелген Cashback туралы ақпаратты Мобильді қолданбада, сондай-ақ қашықтықтан банктік қызмет көрсетудің өзге арналары арқылы (техникалық тұрғыда іске асырылған жағдайда) көруге болады.
- 4.6. Банк Cashback мөлшерін біржақты тәртіпте (Клиенттің келісімін алмай және бұл туралы оған хабарлама жібермей) өзгерте алады (ұлғайту жағына немесе кеміту жағына қарай).
- 4.7. Клиенттерге Cashback келесі жағдайларда ұсынылмайды:
- 1) Клиент келесі Транзакциялар мен Операцияларды жасаған кезде:
 - жеке тұлғаларға ақша аудару бойынша;
 - ЖК-ге төлемдер /ақша аударымдары, ТТК 7/8 санатын² қоспағанда;
 - қолма-қол ақша алу бойынша;
 - валюта айырбастау бойынша;
 - ломбардтың пайдасына;
 - лотерея билеттерін сатып алу үшін;
 - бағалы қағаздарды төлеу;
 - кредиттерді өтеу;
 - электрондық әмияндарды толтыру;
 - кредиттік Төлем карталарын пайдаланумен жасалған Транзакциялар мен Операциялар;
 - Банктің қалауы бойынша осы Қағидаларға №1, №2 Қосымшаларда көрсетілген өзге операциялар бойынша;
 - 2) Банктің ішкі талаптарына сәйкес Cashback ұсынылмайтын Төлем карталарын пайдаланумен жасалған төлемдерге.
- 4.8. Банк Төлем картасын Банктің меншігі болып табылмайтын немесе оның бақылауында болмайтын POS-терминалдарда немесе электрондық терминалдарда пайдаланған кезде Клиентке Cashback есептеуден бас тартуға құқылы.
- 4.9. Осы Қағидалар шеңберінде есептелген Cashback банкоматтар немесе Банктің есеп айырысу-кассалық тораптары арқылы тікелей қолма-қол ақшалай берілмейді және Клиентке тікелей ақшалай қайтарылуға жатпайды, осыған байланысты Банк Клиентке Банктің белгіленген ішкі құжаттарына сәйкес қаражатты одан әрі пайдалану үшін Төлем картасына аудару мүмкіндігін береді.
- 4.10. Банк төлем жүргізгенде Cashback есептелетін Клиент сатып алатын Тауарлар көлеміне, сондай-ақ бір Клиентке төленетін Cashback-тің максималды мөлшеріне шектеулер қою құқығын өзіне қалдырады. Бұдан басқа, Банктің Арнайы ұсынысының және/немесе Серіктес жүргізетін Акцияның тиісті қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін Cashback есептеуді тоқтатуға құқылы.
- 4.11. Банк Мобильді қолданбадағы операциялар тізбесі бойынша шектеулер қою арқылы Cashback-тің пайдалану мақсатына шектеу қоюға құқылы.

² <https://egov.kz/cms/ru/articles/knp>

- 4.12. Ұсынылған Cashback мөлшері Клиенттің Мобильді қолданбасында Төлем картасының Ағымдағы шотында көрсетіледі.
- 4.13. Клиент Серіктес және/немесе ССК желісінде Тауарларға төлем жасағанда есептелген Cashback-ті сол Серіктестің желісінде Тауарларға төлем жасау үшін одан әрі пайдалану мақсатында жинақтауға, сондай-ақ осы Қағидалардың талаптарына сәйкес ұсынылған Cashback-ке өзге тәсілмен билік етуге құқылы.
- 4.14. Серіктестер белгілейтін Cashback талаптары мен мөлшеріне қатысты ақпарат Серіктестің ресми сайтында орналастырылады.

5-тарау. Cashback-ті пайдалану

- 5.1. Клиенттің Cashback-ті пайдалануы Банктің Төлем картасын және/немесе Мобильді қолданбасын қолдану арқылы және Банктің барлық ережелері мен талаптары, сондай-ақ Банктің Арнайы ұсынысы және/немесе Серіктестермен бірлесіп өткізілетін акциялардың талаптарын сақталған жағдайда жүзеге асырылады.
- 5.2. Банк, Клиент осы тиісті Операцияның сомасына Мобильді қолданбада және/немесе Төлем картасымен Транзакция және Операция жүргізгенде және/немесе карта бойынша токен бойынша Транзакция жүргізгенде Cashbackті өңдеуді/есепке алуды/есептеуді бастайды.
- 5.3. Банк Транзакциялар мен Операциялар осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келген жағдайда ғана Cashback есептеуді/есепке алуды жүргізеді.
- 5.4. Cashback-ті пайдалану Транзакция мен Операция кезінде Клиенттің Бонустық шотынан тікелей дебеттеу арқылы жүзеге асырылады, атап айтқанда:
 - 1) Тауарларға Cashback-ті пайдаланумен төлем жасалғанда;
 - 2) Төлем картасының Ағымдағы шотында сатып алынған ETN саны көрсетілген ETN сатып алынғанда.Банк Клиенттің шоттарында қажетті ақша қалдығы болған кезде, сол сияқты Клиенттің бонустық шотында Cashback жеткілікті болған кезде Транзакция мен Операцияның орындалуын қамтамасыз етеді.
- 5.5. Клиент ұсынылған Cashback-ті тек кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес мақсаттарға Транзакциялар мен Операциялар жасау үшін және оны іске қосқаннан кейін ғана пайдалануға құқылы.
- 5.6. Банк Тауарды Серіктес желісінде, соның ішінде Мобильді қолданбаны пайдалана отырып, төлем жасау үшін Операция жасалатын сатып алу жөніндегі мәміленің тарабы болып табылмайды, осыған байланысты Клиент пен үшінші тұлғалар алдында осы мәміленің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігі үшін, сондай-ақ оның кез келген тарапының мәміле талаптарын бұзғаны үшін қандай да бір жауапкершілік алмайды.
- 5.7. Банк Клиентке Cashback берілген немесе Клиент оны пайдаланған кезде орын алуы мүмкін ETN құнының кез келген өзгерістері үшін жауапкершілік алмайды.
- 5.8. Бір Транзакция мен Операция бойынша және «ай үшін» уақыт кезеңінде Cashback-тің максималды сомасы осы Қағидаларға №1 және №2 қосымшада айқындалған.
- 5.9. Cashback-ті Банк Клиенттері ғана пайдалана алады.

6-тарау. Cashback-ті қайтару

- 6.1. Осымен Банк Клиенттің осы Қағидалардың талаптарын теріс пайдалану ретінде сараланатын іс-әрекеттерін анықтаған немесе Клиенттің осы Қағидаларды бұзу фактілері анықталған жағдайларда Банктің Клиенттің Бонустық шотынан есептелген Cashback-тің толық сомасын есептен шығаруға құқығы бар екендігі белгіленеді.
- 6.2. Cashback-тің дұрыс емес немесе артық есептелгені анықталған жағдайда, Банк алдын ала ескертусіз Клиенттің Бонустық шотынан тиісті соманы есептен шығаруға құқылы.

- 6.3. Техникалық іркілістер анықталған, Банктің есепке алу жүйелерінде деректерге түзетулер жүргізілген жағдайларда Банк бұрын есептелген Cashback-ті қайтаруға бастамашылық жасауға құқылы.
- 6.4. Сонымен қатар, Банкте Клиент алаяқтық әрекеттер жасады деп пайымдауға негіз болған жағдайда, Cashback-ті қайтаруға бастамашылық жасауға құқылы.
- 6.5. Банк банктік шотты тікелей дебеттеу арқылы күші жойылған Транзакция бойынша іске қосылған (Тауарды қайтару, рұқсат етілмеген Операция жасау және т.б. кезінде) ұсынылған Cashback мөлшердегі ақшаны Төлем картасының Банктік шотынан есептен шығаруға құқылы, осыған Клиент Банкке өзінің келісімін береді. Осыған қоса, Клиент осындай есептен шығару (алып қою) нәтижесінде оның ағымдағы шотында минуслық (теріс) қалдық пайда болуы мүмкін екендігіне өз келісімін береді және алдағы уақытта оны өтеуге міндеттенеді.
- 6.6. Транзакция және Тауарды сатып алу Операциясы қайтарылған/жойылған жағдайда, ағымдағы және кейінгі есеп айырысу кезеңдеріндегі Cashback сомасы қайтару/күшін жою күні қолданыста болған Cashback ниеттестік деңгейлеріне сәйкес пайызға көбейтілген Транзакция мен Операция сомасына азаяды.

7-тарау. Ағымдағы шоттар жабылғанда Cashback-ті есептен шығару

- 7.1. Клиент Банкте ашылған барлық ағымдағы шоттарды жабуға өтініш берген кезде Клиенттің Бонустық шотында ұсынылған немесе пайдаланылмаған Cashback-тің бар-жоғын тексереді.
- 7.2. Банк Клиентке пайдаланылмаған Cashback туралы хабарлайды және шоттарды жабу процесі басталғанға дейін оларды пайдаланудың қолжетімді тәсілдері туралы ақпарат береді.
- 7.3. Клиентке жинақталған Cashback-ті келесі әдістердің бірімен пайдалану мүмкіндігі беріледі:
 - 1) Клиент Cashback-ті қолданыстағы ережелерге сәйкес және оларды Транзакция мен Операция жасау үшін қолдана алады;
 - 2) Банк Клиентке Cashback-тің ақшалай баламасын Клиенттің Банктегі басқа қолданыстағы шотына (егер ол бар болса және жабылуға жатпайтын болса) немесе белгілі бір жағдайларда басқа банктегі шотына (Банк тарифтеріне сәйкес комиссия алынуы мүмкін) немесе Банкте ашылған, ETN-ге арналған шоты бар үшінші тұлғаның шотына аударуды ұсынады.

8-тарау. Осы Қағидаларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

- 8.1. Осы Қағидаларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу, сондай-ақ Cashback құрылымына өзгерістер енгізу (беру, іске қосу, пайдалану, қайтару, күшін жою) Банктің бастамасы бойынша өзгертілуі немесе жойылуы мүмкін және олар Банктің www.bankffin.kz ресми интернет-ресурсында жарияланған күннен бастап күшіне енеді. Өзгерістер жарияланған күннен кейін Клиент онымен танысқандығын және Бағдарламаға қатысудың жаңартылған ережелері мен талаптарымен келісетіндігін ниеттестік бағдарламасын пайдалану фактісімен растайды.
- 8.2. Осы Қағидаларға олар күшіне енген сәттен бастап (Банктің www.bankffin.kz ресми интернет-ресурсында жарияланған күннен бастап) кез келген өзгерістер мен толықтырулар осы Қағидаларға қосылған, соның ішінде өзгерістер мен толықтырулар күшіне енген күннен бұрын осы Қағидаларға қосылған барлық адамдарға қолданылады.
- 8.4. Банк Клиенттерге Банк тарапынан өткізілетін Арнайы ұсыныстар және/немесе Серіктестердің Акциялары туралы, сондай-ақ Серіктестермен ынтымақтастықты тоқтатуды немесе Cashback талаптарын түзетуді қоса алғанда, Банк тарапынан өткізілетін Арнайы ұсыныстар және/немесе Серіктестердің Акцияларының талаптарына өзгерістер енгізілетіні туралы Банктің www.bankffin.kz ресми интернет-ресурсында және Мобильді қолданбада ақпаратты орналастыру арқылы хабарлайды.

**«Фридом Банк Қазақстан» АҚ Ниеттестік бағдарламасының қағидаларына
№1 қосымша**

Cashback ұсыну талаптары

Клиент Төлем карталарын /Мобильді қолданбаны пайдалана отырып жасаған сатып алулар үшін Банк есептейтін Cashback-тің базалық мөлшері келесі талаптарға сәйкес айқындалады:

Банк Клиенттерге қызмет көрсетудің 4 (төрт) Деңгейін ұсынады:

- 1) «Standard»;
- 2) «Silver»;
- 3) «Gold»;
- 4) «Platinum».

Әр Деңгей үшін Банк Cashback-тің жеке мөлшерін белгілейді. Банк осы Деңгейлерді өзгерту және/немесе толықтыру құқығын өзіне қалдырады.

Cashback талаптары/мөлшері	Standard	Silver	Gold	Platinum
Алдыңғы есеп айырысу кезеңінде Банктің операциялық күнінің соңында келесі шотта (шоттарда) ақшаның орташа айлық қалдығының (қалдықтарының) болуы: - Банкте ашылған мерзімді, жинақ салым(-дар)ында; - Банктегі карталық шоттарда; - ETN бағалы қағаздарының болуы.	100 000 теңгеге дейін немесе бұл соманың шетел валютасындағы баламасы (есептеу кезінде Банктің бағамы негізге алынады)	100 001-ден 300 000 теңгеге дейін немесе бұл соманың шетел валютасындағы баламасы (есептеу кезінде Банктің бағамы негізге алынады)	300 001-ден 1 000 000 теңгеге дейін немесе бұл соманың шетел валютасындағы баламасы (есептеу кезінде Банктің бағамы негізге алынады)	1 000 001 теңгеден бастап немесе бұл соманың шетел валютасындағы баламасы (есептеу кезінде Банктің бағамы негізге алынады)
Ағымдағы шоттардағы қалдықтар бойынша талап орындалған жағдайда, Кепілдік берілген Cashback мөлшері.	1%	2%	3%	4%
Егер карта бойынша, токен бойынша (Apple Pay, Google	+2%	+2%	+2%	+2%

Правила Программы лояльности АО «Фридом Банк Казахстан», рег. №А0-08-13/121/ПВ/13062025

Pay, Samsung Pay, Garmin Pay) немесе Мобильді қолданбадағы Транзакция Серіктес пайдасына жүргізілген жағдайда, Cashback мөлшері құрайды.				
Егер алдыңғы есеп айырысу кезеңінде шекті сомаға қол жеткізілген жағдайда, Транзакциялық Cashback мөлшері есепті кезеңде қосылады	+1% 50 000 теңгеден бастап			
Банк терминалдарында QR арқылы төлем жасау (бұл ретте токенизацияланған Cashback есептелмейді) (%)	+3%			
Fast Track Капитал және Стратегия жаңа жинақ салымын Мобильді қолданбада ашқан кезде				
Депозит сомасына қойылатын талаптар	-	-	Салымның бастапқы сомасы - 1 000 000 теңге (валютадағы баламасы). Ниеттестік деңгейін арттыру үшін депозитке немесе басқа депозиттерге қосымша жарналар есепке алынбайды	Салымның бастапқы сомасы - 1 500 000 теңге (валютадағы баламасы)
Депозит мерзіміне қойылатын талаптар	Депозиттің ең төмен мерзімі 6 ай			
Қосымша талаптар	Клиенттің ниеттестік бағдарламасындағы мәртебесі автоматты түрде қайта қаралады. Ниеттестіктің жаңа деңгейі депозит ашылған күннен кейінгі келесі күнтізбелік күннен бастап күшіне енеді. Депозитті жабылғанда/сома 1 000 000/1 500 000 теңгеден төмендеген жағдайда ниеттестік деңгейі автоматты түрде өзгертіледі.			
Есептік кезеңде Freedom Holding Corp. Өнімдерін пайдаланумен жасалған Freedom Holding Corp. экожүйесіндегі сатып алулар үшін қосымша Cashback есептеледі, сондай-ақ Серіктестердің қолданбаларында, сайттарда немесе Мобильді қолданбада Серіктестердің қызметтеріне ақы төлеу үшін жүргізілген транзакциялар ескеріледі.				

Правила Программы лояльности АО «Фридом Банк Казахстан», рег. №А0-08-13/121/ПВ/13062025

Freedom Mobile*	Смартфонның моделіне байланысты 30%-ға дейін төленген Cashback-тің ең жоғары сомасы 300 000 теңгеге дейін, мөлшерін Серіктестің өзі айқындайды, ол смартфон моделін таңдау кезінде Серіктестің сайтында қосымша көрсетіледі.			
Freedom Media	5%			
Freedom Drive**	Мобильді қолданба арқылы және Серіктестің сайтында төлем жүргізгенде 19%-ға дейін (Төленген Cashback-тің ең жоғары сомасы айына 95 000 теңгеге дейін, Серіктестің сайтында көрсетілетін Cashback мөлшерін Серіктестің өзі айқындайды).			
Freedom Travel (Aviata.kz) Әуе бағыты	Серкітес сайтында төлем жүргізгенде 5% Мобильді қолданба арқылы төлегенде 7%			
Freedom Travel (Aviata.kz) Темір жол бағыты	Серкітес сайтында төлем жүргізгенде 5% Мобильді қолданба арқылы төлегенде 10%			
Freedom Travel (Aviata.kz) Турлар бағыты	Мобильді қолданба арқылы төлегенде 5%. Төленген Cashback-тің ең жоғары сомасы деңгейіне қарамастан айына 100 000 теңгеге дейін			
Freedom Insurance (АҚЖМС)	Мобильді қолданба арқылы төлегенде 7%			
Freedom Insurance (КАСКО)	Серкітес сайтында төлем жүргізгенде 23% Мобильді қолданба арқылы төлегенде 25%			
Freedom Life	Серкітес сайтында төлем жүргізгенде 20% Мобильді қолданба арқылы төлегенде 22%			
Freedom Ticketon	Серкітес сайтында төлем жүргізгенде 8% Мобильді қолданба арқылы төлегенде 15%			
Arbuz.kz	Серкітес сайтында төлем жүргізгенде 15% Мобильді қолданба арқылы төлегенде 17% Friends жазыдымы бойынша және Freedom Мобильді қолданбасы арқылы төлегенде 22%			
Choco.kz	Серкітес сайтында төлем жүргізгенде 10% Мобильді қолданба арқылы төлегенде 12%			
Naimi.kz	Серкітес сайтында төлем жүргізгенде 10% Мобильді қолданба арқылы төлегенде 12%			
Мобильді қолданба арқылы Freedom Travel "(Aviata)" сервисінде әуебилетіне төлем жасаған кезде 1 (бір) транзакция үшін есептелетін Cashback-тің ең жоғары сомасы ***	30 000 теңге	30 000 теңге	30 000 теңге	30 000 теңге
Клиент Төлем карталарын/Мобильді қолданбаны пайдаланумен сатып алулар жүргізгенде Банк бір айда есептейтін Cashback-тің ең жоғары сомасы	50 000 теңге	100 000 теңге	150 000 теңге	200 000 теңге

Правила Программы лояльности АО «Фридом Банк Казахстан», рег. №А0-08-13/121/ПВ/13062025

Төлем карталарын/ Мобильді қолданбаны пайдаланумен сатып алу жүргізгенде 1 (бір) транзакция үшін есептелетін Cashback-тің ең жоғары сомасы	5 000 теңге	7 000 теңге	20 000 теңге	30 000 теңге
Регрессиялық Cashback ұсынылған пакет шеңберінде есептік кезеңде айлық лимитке қол жеткізілген жағдайда ұсынылады және есептік кезең аяқталғанға дейін ғана қолданылады.	0,5%	0,5%	1%	1%
Есептік кезеңде Регрессиялық Cashback-ті төлеуге лимит	200 000 теңге			
<i>* Транзакциялық/айлық лимит шеңберінде Cashback төлеу бойынша ең жоғары шектер ескерілмейді, Freedom Mobile Серіктесінде қосымша Cashback төлеу күнтізбелік 14 күн өткеннен кейін жүзеге асырылады.</i> <i>** Операциялардың транзакциялық/айлық лимиті аясындағы ең жоғары шегі SuperApp және серіктес сайты арқылы төленген кезде ескерілмейді. Cashback мөлшері айына 95 000 теңгені құрайды. Егер тапсырыс несиеге немесе бөліп төлеуге ресімделсе, Cashback тауар берілген сәттен бастап 14 күн өткен соң есептеледі.</i> <i>*** Freedom Travel (Aviata) Серіктесінің (Мобильді қолданбасы арқылы) транзакциялық лимиті шеңберінде Cashback төлеу бойынша ең жоғары шегі – Турлар бағыты 100 000 теңге, Cashback төлемі бірден жүзеге асырылады.</i>				

Cashback есептеудің қосымша талаптары:

1. Cashback есептелетін дебеттік Төлем карталарының түрлері:

- Freedom Card
- Deposit Card
- Super Card
- Power Card
- Student Card
- Freerpay (кредиттік лимитті қоспағанда)

2. Invest Card, Broker Card, Invest card Prestige Төлем карталарын ұстаушылар үшін ниеттестік деңгейін айқындау:

- Клиентте Invest Card, Broker Card және Invest card Prestige Төлем карталарынан басқа Банкте өзге белсенді шоттары мен Төлем карталары болмаған жағдайда, оған 1% мөлшерінде Cashback есептеуді көздейтін "Standard" қызмет көрсету деңгейі беріледі.
- Клиентте Invest Card, Broker Card және Invest card Prestige Төлем карталарынан басқа Банкте өзге белсенді шоттары мен Төлем карталары бар болған жағдайда, оның ниеттестік бағдарламасына қатысу деңгейі осы Қағидалардың 3.2-тармағында мазмұндалған деңгейді

айқындаудың жалпы талаптарына сәйкес осы шоттарда және Төлем карталарында орналастырылған ақшаның жиынтық көлеміне сүйене отырып айқындалады.

3. Топтама деңгейінде есепке алынбайтын дебеттік Төлем карталары бойынша ерекшелік:

- Araldy Saqta*

- Araldy Saqta Premium*

* *Araldy saqta өнімінің талаптарына сәйкес Клиенттің Cashback пайдалану құқығы шектеулі, атап айтқанда, барлық есептелген Cashback «Арал оазисі» қоғамдық бірлестігі пайдасына аударылады;*

** *Araldy Saqta төлем карталары бойынша бір айдағы ең жоғары сома Клиентке басқа Төлем карталары бойынша бір айдағы ең жоғары сомандан бөлек ескеріледі.*

Клиенттің сегменті	Cashback есептеу бойынша шектеулер	
	Транзакция үшін ең жоғары сома	Бір айда берілетін ең жоғары сома
	Araldy Saqta төлем картасы	
	Araldy Saqta* Төлем карталары бойынша сатып алулар жүргізілгенде бір Клиентке	
	Cashback мөлшері 10%	
Mass/ VIP/ Priority	3) 000 теңге	30 00 теңге

4. Student Card Төлем картасын ұстаушыларды қоспағанда, 18 (он сегіз) жасқа толмаған Клиенттерге Cashback есептелмейді.

5. Келесі Транзакциялар мен Операцияларға, Merchant Category Code (MCC) кодтарымен жіктелген Операцияларға Cashback есептелмейді:

- Клиенттің Төлем картасын толтыру бойынша кез келген Транзакциялар мен Операциялар үшін;
- банкоматтар мен кассалардан ақша алу үшін;
- қолма-қол ақшаны алуға теңестірілген Төлем картасын пайдалану арқылы жүргізілген шығыс Транзакциялары мен Операциялары үшін;
- Клиенттің Төлем картасынан ақша аударғаны үшін (соның ішінде банктік аударымдар, басқа екінші деңгейдегі банктің төлем картасының деректемелері бойынша аударымдар және басқа аударым түрлері);
- электрондық төлем құралдарына төлемдер мен аударымдар үшін;
- Транзакциялар мен Операциялар қайтарылған/күші жойылған жағдайда қайтаруға жатады;
- ко-брендтік карталарға;
- корпоративтік карталарға;
- келесі Merchant Category Code (MCC)/сатушы санатының код:

MCC*	Таратып көрсету
4813,4812,4814, 4815, 4821, 4899	Телекоммуникациялық қызметтер
4816	Компьютерлік желілер
4829, 6530-6540, 6012, 6022-6028, 6529	Қаржылық қызметтер
4900	Тұрғын үй – коммуналдық қызметтер
5046	Коммерциялық жабдықтар
5099	Ұзақ мерзімді тауарлар

5715	Алкогольді көтерме сатушылар
5933	Ломбардтар
5960, 6300, 6399	Тікелей маркетинг – сақтандыру қызметтері
6010, 6011	Қолма-қол ақша алу
6050, 6051	Квази- кэш
6211	Брокер қызметтер
6513	Жалға алу
7276	Салықтық дайындық қызметі
7299	Әртүрлі қызметтер
7311	Жарнама қызметтері
7372	Бағдарламалау
7399	Бизнес қызметтер
7800	Лотереялар
7801, 7995	Құмар ойындар
7802, 9754	Ат/ит жарысы
8398	Қайырымдылық
8999	Кәсіби қызметтер
9211, 9222, 9223, 9311, 9399, 9402, 9405	Бюджетке төлемдер
9223	Кепілдер мен облигациялар бойынша төлемдер
4722, 3137, 3157,4511	Туристік агенттіктер мен экскурсия ұйымдастырушылар, әуе желілері, авиакомпаниялар
5511, 5521	Жеңіл және жүк көлігі – сату, қызмет көрсету, жөндеу, қосалқы бөлшектер және лизинг, жеңіл және жүк автомобильдерін сату (тек пайдаланылған)
* Егер бұл Банктің Серіктестерімен өткізілетін Акцияларды қоса алғанда, Банктің Арнайы ұсынысының талаптарында көзделген болса, көрсетілген МСС кез келгені бойынша Cashback есептелуі мүмкін. Банктің Арнайы ұсыныстарын және/немесе Серіктестің Акцияларын өткізу туралы мәліметтерді Банк www.bankffin.kz ресми интернет-ресурста/Мобильді қолданбада	

орналастырылады. Бұл ретте Банктің Арнайы ұсынысының және/немесе Серіктес Акцияларының талаптары оларды өткізу кезеңінде стандартты талаптардан басым болып табылады.

6. Банк сатып алу санаттарын МСС кодтары (тауарлар тобы) немесе сауда-сервистік ұйымға оның эквайер банкі тағайындайтын МСС және Merchant Name байламдарының (дүкендердің бірегей желілері) бойынша анықтайды. МСС санаттары кодтарының немесе МСС и Merchant Name байламдарының тізімін Банк өз қалауы бойынша өзгерте алады.
7. Осы Қосымшада көрсетілген Cashback ұсыну талаптары Мобильді қолданбада тіркелген Банктің клиенттері (Қазақстан Республикасының резиденттері) үшін ғана қолданылады, барлық басқа Клиенттер үшін Банк олардың қолданылуын тоқтату туралы хабарлама жарияламаған болса, Банктің <https://bankffin.kz/ru/documents/physical> ресми сайтында орналастырылған талаптар қолданылады.

**«Фридом Банк Қазақстан» АҚ Ниеттестік бағдарламасының қағидаларына
№2 қосымша**

Cashback «FREEDOM LOYALTY» ұсыну талаптары

Cashback «FREEDOM LOYALTY» базалық мөлшері келесі талаптарға сәйкес есептеледі:

1. Банк Клиенттерге қызмет көрсетудің 4 (төрт) Деңгейін ұсынады:
 - 1) «Standard»;
 - 2) «Silver»;
 - 3) «Gold»;
 - 4) «Platinum».
2. Банк әр Деңгей үшін Cashback «FREEDOM LOYALTY» жеке мөлшерін белгіледі. Банк Деңгейлерді дербес өзгерте және (немесе) толықтыра алады. Деңгей 1 ай мерзімге беріледі. Айдың әрбір 1-ші күні деңгей Клиенттің алдыңғы күнтізбелік айда жеке кәсіпкер ретінде кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін Клиент ашқан ағымдағы шоттағы ақшаның төмендетілмейтін қалдығын қолдауына байланысты жаңартылады.
3. Cashback «FREEDOM LOYALTY» Банктің қосымша қызметтерін пайдаланғаны үшін есептеледі. Қосымша қызметтер орындалған/расталған мәртебесінде басқа Клиенттің ағымдағы шотына Тауарлар/Қызметтер үшін Клиенттің ішкі/сыртқы аударымы/төлемі (ТТК 7/8 бөлімі) болып табылады.
4. Cashback «FREEDOM LOYALTY» төлеу Банкпен жасалған брокерлік шарт шеңберінде Freedom (ETN) валютасы түрінде жүзеге асырылады.

Тиісті Деңгейдің талаптары, Cashback «FREEDOM LOYALTY» мөлшерлері Кестеде көрсетіледі:

Cashback «FREEDOM LOYALTY» талаптары/мөлшері *	Standard	Silver	Gold	Platinum
Клиенттің ағымдағы шотындағы төмендетілмейтін қалдық	0-ден 2 500 000 теңгеге дейін	2 500 001-ден 5 000 000 теңгеге дейін	5 000 001-ден 0 000 000 теңгеге дейін	10 000 001 теңгеден жоғары
1 транзакция үшін базалық cashback	100 теңге	500 теңге	750 теңге	800 теңге
Банк ішіндегі ақша аударымы үшін қосымша Cashback	+200 теңге	+500 теңге	+750 теңге	+900 теңге
Жалақы жобасының (бұдан әрі - Жалақы жобасы)	+200 теңге	+500 теңге	+500 теңге	+800 теңге

Правила Программы лояльности АО «Фридом Банк Казахстан», рег. №А0-08-13/121/ПВ/13062025

болғаны үшін қосымша cashback **				
1 транзакция үшін ең жоғары cashback / 1 транзакцияның ең төмен сомасы	500 теңге	1 500 теңге	2 000 теңге	2 500 теңге
Бір айдағы ең жоғары cashback	5 000 теңге	25 000 теңге	50 000 теңге	100 000 теңге
Ескерту:	Клиенттің деңгейі оның алдыңғы күнтізбелік айда ағымдағы шотындағы төмендетілмейтін ақша қалдығының шекті мәндерінің сәйкестігіне негізделі отырып айқындалады. Транзакцияның ең төмен сомасы 1 Транзакция үшін Cashback-тің ең жоғары сомасына тең. Жеке тұлғаға ашылған Төлем картасы / ETN-мен ашылған шоты/ниеттестік бағдарламасына қосылуы болмаған жағдайда, жеке кәсіпкердің атына ашылған ағымдағы шот бойынша жүзеге асырылған аударымдар/төлемдер үшін Cashback есептелмейді. Соңғы күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде жеке тұлғаның ETN байланыстырылған Төлем картасы бойынша кемінде 1 Транзакцияның болуы міндетті. Cashback төлемі әр Транзакция үшін бөлек жүргізіледі. Бір айына ең жоғары Cashback жиналған кезде төлем келесі айдың 1-і күніне дейін жүргізілмейді. * осы талаптар осы Қазідаларға №1 қосымшада көрсетілген талаптарға сәйкес келген кезде ғана күшіне енеді. ** "Жалақы жобасы" белгісі айдың басында деңгей берілген кезде тексерілуі керек.			
Мысал:	Standard деңгейіндегі Клиент: - өзінің ағымдағы шотынан басқа банктердің клиенттерінің пайдасына Тауарлар/Қызметтер үшін транзакция жасағаны үшін (ТТК 7/8 бөлімі) 100 теңге мөлшерінде cashback алады; - өзінің ағымдағы шотынан «Фридом Банк Қазақстан» АҚ клиентінің пайдасына Тауарлар/Қызметтер үшін (ТТК 7/8 бөлімі) транзакция жасағаны үшін 300 теңге (базалық 100 теңге + қосымша 200 теңге) мөлшерінде Cashback алады; - Банкің «Жалақы жобасы» өнімін пайдаланған жағдайда, өзінің ағымдағы шотынан «Фридом Банк Қазақстан» АҚ клиентінің пайдасына Тауарлар/Қызметтер үшін (ТТК 7/8 бөлім) транзакция жасағаны үшін - 500 теңге (базалық 100 теңге + қосымша 200 теңге + қосымша 200 теңге) мөлшерінде Cashback алады.			